**Иондағыш сәуле шығаратын ампулалық көздерін Қазақстан Республикасына әкелуге рұқсат беру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 4 мамыр N 661

"Қазақстан Республикасында тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) экспорты мен импортын лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 маусымдағы N 1037 P971037_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Восток-Изотоп" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне (Өскемен қаласы, Қазақстан Республикасы), "Квант" жабық акционерлік қоғамымен (Екатеринбург қаласы, Ресей Федерациясы) жасалған 2000 жылғы 27 қаңтардағы N С/2-75-5 шартқа сәйкес, Ресей Федерациясынан Қазақстан Республикасына қосымшада көрсетілген иондағыш сәуле шығаратын ампулалық көздерін (СЭҚ ТН коды 2844) әкелуге рұқсат етілсін.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі белгіленген тәртіппен "Восток-Изотоп" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне әкелінетін өнім импортына лицензия берсін.

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен әкелінетін өнімге кедендік бақылау жасауды және кедендік ресімделуін қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Атом энергетикасы жөніндегі комитетіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 2000 жылғы
4 мамырдағы
N 661 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасына әкелінетін иондағыш

сәуле шығаратын ампулалық көздерінің тізбесі
(СЭҚ ТН коды 2844)

| N | Иондағыш сәуле шығаратын ампулалық көзінің атауы | Саны (дана) |
|---|---|---|
| 1 | ИГИ-Ц-4-4 | 39 |
| 2 | ИГИ-Ц-3-5 | 27 |
| 3 | ИГИ-Ц-3-7 | 1 |
| 4 | ИГИ-Ц-3-4 | 11 |
| 5 | ИГИ-Ц-3-8 | 5 |
| 6 | Cs-137 ИГИ-Ц-4-3 | 5 |
| 7 | Cs-137 ИГИ-Ц-4-1 | 10 |
| 8 | Cs-137 ИГИ-Ц-3-8 | 57 |
| 9 | Ам-241-ИГИ-А-1-5 | 33 |
| 10 | Ам-241-ИГИ-А-1-1 | 2 |
| 11 | Ам-241-ИГИ-А-4-1 | 6 |
| 12 | ИБН-6 бериллий плутоны | 5 |
| 13 | Cb-134 ИГИ-Су-7 | 1 |
| 14 | Pm-147 ИРИП-3 | 4 |
| 15 | Тм-170 ИГИ-Ту-1-1 | 2 |
| 16 | Co-60 КДУ-2 сымы | 2 |
| 17 | Sr-90+Y-90 ИРИС-3 | 4 |
| 18 | Sr-90+Y-90 Т-19 | 2 |
| 19 | 3Y4-101 | 3 |
| 20 | 3Y4-102 | 1 |
| 21 | 3Y4-251 | 2 |
| 22 | 5Y4-401 | 3 |
| 23 | 3Y4-102 | 1 |
| 24 | ОСАИ жиынтығы | 1 |
| | Барлығы | 227 |

Оқығандар:
Қобдалиева Н.М.
Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК